

**Сайлау учаскесін тарату және Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 01 "Алматы қаласы Алмалы ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің 2020 жылғы 4 тамыздағы № 02 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2020 жылғы 7 тамызда № 1629 болып тіркелді Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 23 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабына сәйкес, Алматы қаласы Алмалы ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алматы қаласы Алмалы ауданы аумағында № 117 сайлау учаскесі таратылсын.  
2. Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 01 "Алматы қаласы Алмалы ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы ( нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1538 болып тіркелген, "Алматы ақшамы" газетінің 2019 жылғы 13 сәуірде № 43-44 (5707) және " Вечерний Алматы" газетінің 2019 жылғы 13 сәуірде № 42-43 (13518-13519 сандарында жарияланған)) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1) аталған шешімнің қосымшасындағы "№ 117 сайлау учаскесі Орталығы: Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 473, "ЛА 155/1 мекемесі" республикалық мемлекеттік кәсіпорны" мәтінді алып тастау.

3. "Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте әрі қарай мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялай отырып, осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді және интернет-ресурстарда орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алмалы ауданы әкімі аппаратының басшысы К.Қ. Әбілқақоваға жүктелсін.

5. Осы шешім, алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы қаласының  
Алмалы ауданы әкімі*

*Б. Торгаев*